  - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
  - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
  - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*;
  - Пошкоджень виробу при транспортуванні, некоректному його використанні, а також у зв'язку з не передбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній вилучені або виправлені.
5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або збитки майну у випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з гарантійним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS. Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS. \*Адреси авторизованих центрів на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку. Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки. У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.

**Көкөністер мен жемістерді кептіруге арналған  
электрлік кептіргіш құрылғы  
POLARIS  
Үлгісі PFD 2605D**

**Пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Электрлік кептіргіш құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

**Мазмұны**

1. Жалпы мәлімет .....	20
2. Құрылғының пайдалану саласы .....	21
3. Құрылғының сипаттамасы .....	21
4. Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау .....	21
5. Жұмыс тәртібі .....	22
6. Тазарту және күтім жөніндегі нұсқаулары .....	25
7. Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері .....	25
8. Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері .....	26
9. Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері .....	26
10. Осы электрлік кептіргіш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі сақтық шаралары .....	26
11. Тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану барысындағы қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар .....	27
12. Құрылғының жиынтықтылығы .....	28
13. Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар .....	29
14. Құрылғының техникалық сипаттамалары .....	29
15. Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері .....	29
16. Сертификаттау жөніндегі ақпарат .....	29
17. Кепілдік міндеттемелер .....	30

**1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PFD 2605D POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, көкөністер мен жемістерді кептіруге арналған электрлік кептіргіш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – электрлік кептіргіш құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.


## 2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Бұл тұрмыстық электрлік кептіргіш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тұрғын ғимаратында, қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, тек тұрмыста және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:
  - тұрақты тұрғылықты мекенжайларда;
  - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
  - тұруға арналған қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін қонақжай мен мейманхана сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
  - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Бұл тұрмыстық электрлік кептіргіш құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл электрлік кептіргіш құрылғы тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.


## 3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Электрлік кептіргіш құрылғы көкөністер мен жемістерді, сондай-ақ саңырауқұлақ пен жасыл хош иісті шөптерді кептіруге арналған. Құрылғының түбі жағында орналасқан негізінен таралатын жылы ауа алынбалы себеттердің арасында жүреді, мұның арқасында тағамдық өнімдер қоректілік қасиеттерін жоғалтпай кептіріледі.

1-Сурет.



1. Құрылғының қақпағы;
2. Тағамдық өнімдерге арналған алынбалы себеттер
3. Құрылғының сыртқы корпусы;
4. Басқару панелі



## 4. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз, содан кейін құрылғыны және оның жеткізілім жиынтықтылығын тексеріп шығыңыз, құралмен бірге жеткізілетін барлық бұйымдардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз, сонымен қатар құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектерінің және керек-жарақтарының болуын тексеріңіз. осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың 3 тарауын («Құрылғының сипаттамасы») қарап шығыңыз.

- Құрылғының сыртқы корпусынан барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алып тастаңыз, құрылғының корпусын жұмсақ, сәл дымқыл матамен сүртіңіз.
- Тағамдық өнімдермен жанасатын барлық құрылғының бөліктерін «Тазарту және күтім» 6 тарауында сипатталған нұсқауларына сәйкес мұқият түрде тазартып жуыңыз.
- Құрылғының 5 себеттерін бір біріне орнатып, құрастырып жинаңыз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Жұмыс тәртібі» 5 тарауын қарап шығыңыз.
- Алғаш рет қолданар алдында, құралды 1 сағат бойы тағамсыз қосу ұсынылады. Құрылғыны алғаш рет қосқан кезде аз мөлшерде түтін пайда болуы қалыпты жағдай болып табылады және ақаулықты білдірмейді.
- ON/OFF түймесін басып құрылғыны өшіріңіз, оны тоқтан суырыңыз да, суытыңыз. Алынатын тағам себеттері мен қақпағы бар, сумен шайып, құрғатыңыз.

## 5. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

- Құрылғыны тегіс, қатты, құрғақ қабатқа орналастырыңыз.
- Алдын-ала тазартылып жуылған тағамдық өнімдерді алынбалы себеттерге жайып салыңыз.
- Алынбалы себеттерді құрылғының негізгі бөлігіне орнатыңыз.


### **Назар аударыңыздар!**

*Құралдың жұмысы барысында барлық бес алынбалы себеттерді орнатуға кеңес беріледі, егер бұл себеттерге ештеңе салынбаса да, олар бос болғанымен оларды орнату қажет.*

*Желдеткіші бар құрылғының негізіне су немесе шырыны сорғалайтын өнімдер салынған алынбалы себетті орналастырмаңыз.*





*Кептіру барысында өнімдерге арналған себеттерді құрылғының негізгі бөлегінде айналдырып бұруға және олардың орнын алмастыруға болады.*

- Себеттердегі қабаттардың арасындағы қашықтықты реттеу үшін әрбір себет жоғары және төменнен шеңбер бойынша шығыңқы жерлерге ие. Себеттің жүктеу кеңістігін ұлғайту үшін әрбір келесі себетті төменгі шығыңқы жерімен төменде орналасқан себеттің жоғарғы шығыңқы жеріне орналастырыңыз, 2 суретті басшылыққа алыңыз.
- Себеттер ауаның олардың арасында еркін түрде таралатындай етіп орнатылуы тиіс. Себеттерді орнату тәсілі 2-ші суретте көрсетілген.




**2-Сурет.**

- Себетке шамадан көп өнім мөлшерін салмаңыз, тағамдық өнімдердің арасындағы қашықтық 1 см-ден кем болмауы тиіс.
- Құрылғының қақпағын құрылғыға орнатып, жабыңыз. Жұмыс үдерісі орындалып жатқан кезде құрылғының қақпағын ашуға тыйым салынады.
- Құрылғының электр желілік баусымның айырteгiгiн электр желiге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетiлген кернеудiң параметрлерi Сiздiң үйiңiздегi электрлiк желiсiнде қолданылатын кернеуiне, яғни электрлiк желiнiң параметрлерiне сәйкес келетiнiне көз жеткiзiңiз, осы пайдалану жөнiндегi нұсқаулықтың («Техникалық сипаттамалары») 14 тарауын қарап шығыңыз.
- Құрылғыны электр желiге жалғастырып қосыңыз. Құрылғының жарықдиодты дисплейi жанады. Дисплейдiң бетiнде мына **OO** белгi көрiнiп, жыпылықтай бастайды.

- Құрылғының жұмыс уақытысы мен температурасын орнатыңыз.
- Мына «+» және «-» белгісі бар батырмаларды қолдана отырып, оларды кезектілік ретімен әрбір рет басып (1 сағаттан бастап 48 сағатқа дейін, 1 сағаттық ауыспалы қадамымен) кептірудің қажетті уақытын орнатыңыз. Егер «+» және «-» белгілері бар батырмаларды қайталап әрбір рет ұзағырақ басып, ұстап тұрсаңыз, уақыттық мәндерін автоматты түрде жылдам ұлғайтып немесе кемітіп, өзгертуге болады.
- Ауа ағынының температурасын орнату үшін  батырмасына басыңыз. Құрылғыдағы дисплейдің бетінде кептірудің алдын ала әдепкі қалпы бойынша орнатылған температураның бастапқы мәні 130°F жанады. Кептірудің температуралық °C мәнін өзгерту үшін  батырмасына басыңыз да, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Мына «+» және «-» белгісі бар батырмаларды қолдана отырып, оларды кезектілік ретімен әрбір рет басып (40°C градустан бастап 70°C градусқа дейін, 5°C градус ауыспалы қадаммен) тағамдық өнімдерді кептіру үшін қажетті температураны орнатыңыз. Егер «+» және «-» белгілері бар батырмаларын қайталап әрбір рет ұзағырақ басып, ұстап тұрсаңыз, температуралық мәндерін автоматты түрде жылдам ұлғайтып немесе кемітіп, өзгертуге болады.
- ON/OFF батырмасын басыңыз, электрлік кептіргіш құрылғы іске қосылады. Дисплейдің бетінде құрылғының жұмыс индекциясы  жанады, сонымен қатар температуралық мәні мен құрылғының жұмыс үдерісінің аяқталуына дейінгі қалған уақыттық мәні кезек кезегімен көрсетіліп тұрады.
- Электрлік кептіргіш құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде құрылғыдағы кептірудің уақыттық параметрлерін өзгертуге болады. Уақыттық параметрлерін өзгерту үшін  батырмасын басу қажет, содан кейін дисплейдің бетінде алдын ала әдепкі қалпы бойынша орнатылған уақыттың бастапқы мәнін көрсететін индикациясы жыпылықтай бастайды. Мына «+» және «-» белгісі бар батырмаларды қолдана отырып, оларды кезектілік ретімен әрбір рет басып, кептірудің қажетті уақытын орнатыңыз.

*Назар аударыңыздар! Құрылғының жиынтық жұмыс уақытысы, яғни оның жұмыс уақытының ұзақтығы, тұтастай алғанда –48 сағат құрайды (кептіру үдерісін бұл уақыттан аса созбауыңызды өтінеміз.*

- Электрлік кептіргіш құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде құрылғыдағы кептірудің температуралық параметрлерін өзгертуге болады. Ол үшін  батырмасын екі рет басу қажет, содан кейін дисплейдің бетінде ауа ағынының алдын ала әдепкі қалпы бойынша орнатылған температураның бастапқы мәнін көрсететін индикациясы жыпылықтай бастайды. Мына «+» және «-» белгісі бар батырмаларды қолдана отырып, оларды кезектілік ретімен әрбір рет басып, кептірудің қажетті температурасын орнатыңыз.
- Кептіру үдерісі үшін белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін құрылғының ішіндегі желдеткіші желдетуді тоқтатады да, құрылғыдағы қыздырғыш элементінің қыздыру жұмысы аяқталады, дисплейдің бетінде **OO** индикация пайда болады.
- Егер де кептіру үдерісін белгіленген уақыттан ертерек үзіп, тоқтатуға қажет болса ON/OFF батырмасын басыңыз, сол сәтте дисплейдің бетінде **PA** белгі жанып, жыпылықтай бастайды. Электрлік кептіргіш құрылғыны қайтадан іске қосу үшін ON/OFF батырмасын тағыда бір рет басу керек, содан кейін құрылғы іске қосылып, кептіру үдерісін әрі қарай өз бетімен жалғастыра береді.
- Құрылғыны сөндіру үшін ON/OFF батырмасын басыңыз да, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Құрылғының жұмысы аяқталады да, дисплейдің бетінде **OO** индикация көрініп, жыпылықтай бастайды.
- Тағамдық өнімдерді 1 кестеде ұсынылған кеңестерге сәйкес кептіріңіз.
- Құрылғы мен тағамдық өнімдер суығанша күте тұрыңыз. Содан кейін тағамдық өнімдерді себеттен шығарыңыз да, содан кейін оларды ораңыз.
- Егер Сіз өнімдерді күн аралығында кептіруге үлгермесеңіз, кептіру үдерісін келесі күні жалғастыруға болады. Бұл жағдайда өнімдерді себеттерден шығарыпалыңыз, оларды сақтау үшін тоңызытқыш құрылғының мұздататын камерасына салып қойыңыз немесе тағамдық өнімдерді табиғи жолмен ауада кептіру үшін өнімдерді себеттерге салып, себеттерді таза, құрғақ жерде не қабатта орналастырып қойыңыз.

1.\* Кесте

**Тағамдық өнімдерді даярлау және өндеп кептіру бойынша кеңестер**

Тағамдық өнімдер	Өнімді даярлау тәсілдері	Кептіру ұзақтығы, сағат
Өрік	Екі бөлікке бөліп, дөңгегін шығарыңыз, содан кейін жұқалап кесіңіз.	13-28
Ананас (жаңадан піскен)	Қабығынан тазартыңыз, дөңгелек пішіндес етіп кесіңіз немесе майда бөліктерге тілімдеп кесіңіз немесе шаршы тәріздес етіп кесіңіз.	6-36
Банан	Қабығын алыңыз, қалыңдығы 3-5 мм дөңгелек етіп кесіңіз.	8-38
Шие	Толықтай кептіріңіз, сүйегін алу қажет емес. Шиені екі бөлікке бөліп, оның сүйегін шығарсаңыз, онда бұл кептіру үдерісінің ұзақтағын елеулі түрде қысқартады.	6-36
Алмұрт	Қабығын тазартыңыз, ортаңғы бөлігін (өзекшесін) кесіп алыңыз, алмұртты бірнеше бөліктерге, қалыңдығы 5-8мм-ден етіп, тілімдеп кесіңіз.	8-30
Мүкжидек	Толықтай кептіріңіз.	6-26
Шабдалы	Тілімдеп кесіңіз немесе шабдалыны бірнеше бөліктерге, қалыңдығы 6 – 10 мм-ден етіп бөліп кесіңіз, дөңгегін шығарыңыз.	6-26
Алма	Қабығын тазартыңыз, ортаңғы бөлігін (өзекшесін) кесіп алыңыз, қалыңдығы 0,6см дөңгелек етіп кесіңіз.	4-15
Кәді	Қалыңдығы 8-10мм дөңгелек етіп кесіңіз.	6-12
Сәбіз	Сәбіз жұмсарғанша пісіріңіз, содан кейін оны дөңгелек пішіндес етіп кесіңіз немесе үккіш арқылы үгітіңіз.	8-14
Болгар бұрышы	Болгар бұрышты екі бөлікке бөліп, оның ортаңғы бөлігін (өзекшесін) кесіп алыңыз, болгар бұрышты ұзыннан тілімдеп немесе дөңгелек етіп кесіңіз.	4-14
Саңырауқұлақ	Жіңішке етіп тураңыз, ұсақ саңырауқұлақтарды толықтай күйінде кептіруге болады.	6-14

\* Бұл кестедегі көкөністер мен жемістерді алдын ала даярлау тәсілдері мен көрсетілген уақыт таныстыру сипаттамасына ие. Өнімдерді даярлау және кептіру барысында өзіңіздің қалауыңыз бойынша әрекеттерді орындай аласыз.

**Кеңестер.**

- Құрылғыда бір мезетте дәмдік сапасы түрлі тағамдық өнімдерді кептірмеңіз (бірге жүктемеңіз), мысалы: сарымсақ пен жемістер, хош иісті шөптер мен цитрус тұқымдас өнімдер, жидек пен саңырауқұлақ, себебі кептірілетін тағамдық өнімдер белсенді түрде иіс бөледі де, қоршаған иістерді сіңіреді. Сол себепті құралды иісі ерекше бөлмежайда пайдалануға болмайды.
- Кептіру барысында тағамдық өнімдерді әрбір сағат сайын тексеруге кеңес беріледі. Кептіру жылдамдығы тағамдық өнімдердің өлшеміне, ылғалдығына және алдын ала даярлығына байланысты, сондай ақ себеттердегі тағамдық өнімдерінің жүктеу тығыздығын ескеру қажет, сонымен қатар тағамдық өнімдермен толтырылған себеттердің санын да ескерген жөн.
- Бірдей тағамдық өнімдерді кептіру уақытысы құралды пайдалану шарттарына сәйкес өзгеруі мүмкін (бөлмежайдағы температура мен ылғалдыққа сай). Кептіргіш құрылғыны



шаң баспаған, ауа жақсы алмасатын жылы бөлмеде қолданыңыз. Бөлмедегі ауаның біркелкі алмасуы кептіру үдерісі барысында өте маңызды.

- Жемістерге хош иіс сыйлау және дәмін жақсарту үшін даярланатын өнімге сәйкес табиғи шырынды стақанның  $\frac{1}{4}$  бөлігіне құйыңыз. Мысалы, алма үшін алма шырының қолданыңыз. Шырынды екі стақан сумен араластырыңыз және кесілген жемістерді дайындалған сұйықтыққа 2 минутқа салып қойыңыз.
- Кептіру барысында жемістердің қарайып кетпеуі үшін оларды лимон шырынымен бұркуге кеңес беріледі.
- Жасыл бұршақ, гүлді қырыққабат, брокколи, қояншөп секілді көкөністерді алдын ала булауға (3-5 минут аралығында ыстық бумен, қайнатылған сумен немесе маймен өңдеу) кеңес беріледі. Егер тағамдық өнімдерге қышқыл дәмді сыйлауды қаласаңыз, өнімді 2 минутқа лимон шырынына салып қойыңыз.
- Кептірілген өнімдерді құрғақ, салқын, қараңғы жерде сақтаңыз. Сақтаудың оңтайлы температурасы  $15^{\circ}$  және одан төмен көрсеткішті құрайды.
- Кептірілген өнімдерді мұздату жағдайында максималды сақтау мерзімі – 1 жыл.
- Кептірілген өнімдерді металл ыдыстарда сақтамаңыз.
- Сақтауға арналған пакеттер мен контейнерлерді герметикалық күйінде ауа кірмейтіндей етіп, жабу қажет.

## 6. ТАЗАРТУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛАРЫ

- Электрлік кептіргіш құрылғыны сөндіріп, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін жалғасып тұрған электрлік желісінен ажыратып алыңыз. Электрлік кептіргіш құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз.
- Бейтарап жуу құралын пайдалана отырып, жылы суда құрылғының қақпағын және тағамдық өнімдерге арналған алынбалы себеттерді жуыңыз. Себеттердің беткі бөліктерінен қатып қалған өнімдердің қалдықтарын және төгіліп, қатып қалған шырын дақтарын жою үшін себеттерді алдын ала сабынды, жылы суға салуға кеңес беріледі.
- Электрлік кептіргіш құрылғының сыртқы корпусын суға батырып салмаңыз, құрылғының сыртқы корпусын тазарту үшін, оны сәл дымқыл матамен сүртіп шығыңыз.
- Құрылғының төменгі негізін ұқыптылықпен сәл дымқыл матамен сүртіп шығыңыз. Құрылғының негізінде қалған тағамдық өнімдердің қалдықтарын және қатып қалған шырын дақтарын жылы, сабынды суға батырылған матамен тазартып алуға болады.
- Құрылғыны және оның алынбалы бөлшектері мен құрамдас бөліктерін жуып, тазартып болғаннан кейін, құрылғыны және оның алынбалы бөлшектері мен құрамдас бөліктерін шайып, құрғақ шүберекпен әбден құрғата сүртіңіз, содан кейін оның барлығын толығымен кептіру қажет.
- Құрылғыны және оның алынбалы бөлшектері мен құрамдас бөліктерін жуып, тазартқан кезде немесе жуу барысында агрессивті және абразивті заттары бар жуғыш немесе тазартқыш құрылғыларды, сондай-ақ органикалық ерітінділерді пайдалануға тыйым салынады.
- **Құрылғының алынбалы бөліктерін ыдыс жуғыш машинада жууға тыйым салынады.**
- Құрылғыны құрғақ, жақсы желдетілетін бөлмеде, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## 7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электрлік кептіргіш құрылғыны ұзақ уақытқа сақтау алдында, оны толығымен тазартып, жуып, сүртіп, кептіріп алыңыз.

Құрылғының электр желілік баусымын жинап ораңыз.

Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс  $40^{\circ}\text{C}$  градустан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70% пайыздан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Электрлік кептіргіш құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## 8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс, бұл электрлік кептіргіш құрылғыны тасымалдау үшін оның түпнұсқалық зауыттық орамасы мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

**!** Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

## 9. БҰЛ ЭЛЕКТРЛІК КЕПТІРГІШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

## 10. ОСЫ ЭЛЕКТРЛІК КЕПТІРГІШ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Электрлік кептіргіш құрылғыны иісі ерекше, бояулардың, еріткіштердің және т.б. әр түрлі химиялық өнімдерінен шығатын жағымсыз өткір иістері бар бөлмежайда пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл электрлік кептіргіш құрылғыны ауада газдар мен булардың жарылғыш концентрациясы бар бөлмелерде, яғни жарылу қаупі бар, ауада газ бен бу шоғырланған бөлмежайда қолдануға тыйым салынады.
- Бұл электрлік кептіргіш құрылғы тек қана тағамдық өнімдерді кептіру үшін арнайы арналған.
- Алынбалы себеттерді соғылудан және механикалық бүлінулерден сақтаңыз және алынбалы себеттердің құлауына, сондай-ақ, олардың механикалық бүлінуіне жол бермеңіз, себебі олар тез сынатын материалдан жасалған және алынбалы себеттердің қандай да заттарға соғылуы немесе биіктен құлауы оның механикалық бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.
- Тағамдық өнімдерді кептіру үшін оларды құрылғының түбіндегі негізінде ауа желдеткіші бар жерге тікелей салмаңыз.
- Электрлік кептіргіш құрылғыны тек тегіс, берік, таза, құрғақ жылуға төзімді қабатта орналастырыңыз, сондай-ақ, электрлік кептіргіш құрылғыны қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан, сонымен қатар, тез тұтанатын және жанғыш заттардан алыс қашықтықта орналастырыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны жұмсақ қабатта орналастырмаңыз (кілем, сүлгі, майлық) секілді қабатқа қоймаңыз. Жұмыс барысында құрылғының астыңғы жағында ауаның еркін өтіп, таралуы үшін құрылғының асты жағынан көзге көрінетін саңылаудың болуы қажет.

және оның жан-жағынан да бос орын қалдыратындай етіп орналастырыңыз, себебі ауа айналымын толық қамтамасыз ету керек.

- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны сүлгімен, матамен, матадан жасалған қандай да төсемдермен немесе өзге де заттармен жаппаңыз.
- Толықтай кеппеген тағамдық өнімдерді құрылғының ішінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз, әйтпесе олар ашып, көгеріп кетуі мүмкін.
- Электрлік кептіргіш құрылғыны 48 сағаттан астам уақыттан пайдалануға болмайды. 48 сағат уақытқа тең үздіксіз жұмыстан кейін құрылғыны ON/OFF батырмасына басу арқылы сөндіру қажет, содан соң электрлік кептіргіш құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін жалғасып тұрған электрлік желісінен ажыратып алыңыз, содан кейін құрылғы суығанша, кем дегенде 2 сағат күте тұрыңыз.

### **Назар аударыңыздар!**

- Кез келген түрдегі ақау орын алса, авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## **11. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР**

- Бұл электрлік кептіргіш құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл тұрмыстық электрлік кептіргіш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес пайдаланылуы тиіс
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты толығымен міндетті түрде мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы электрлік кептіргіш құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл электрлік кептіргіш құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Электрлік кептіргіш құрылғыны және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз. Электрлік кептіргіш құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріп, оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін жалғасып тұрған электрлік желісінен ажыратып алыңыз.
- Құрылғыны оның түпнұсқалық зауыттық қаптама қорабында, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- **Назар аударыңыздар! Электрлік кептіргіш құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Электрлік кептіргіш құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны ылғал қолмен ұстауға болмайды. Электрлік кептіргіш құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.
- Электрлік кептіргіш құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға

малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.

- Электрлік кептіргіш құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Электрлік кептіргіш құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғыны электр желіге жалғастырып, қоспас бұрын, яғни оның қуат өткізетін электрлі желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желісіне жалғастырып, қоспас бұрын, әрдайым құрылғының өшірілу күйінде тұрғандығына, яғни құрылғыдағы қуатты ажыратып қосатын іске қосу/сөндіру ауыстырғыш-қосқыш тетігі сөндірулі қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Электрлік кептіргіш құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектерін тазартпас бұрын, және де құрылғының құрамдас бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын, немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, сонымен қатар, бұл құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектерін ауыстырар алдында, сондай-ақ, электрлік кептіргіш құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, оны әрдайым электр желіден ажырату қажет.
- Электрлік кептіргіш құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының қуат өткізетін электрлі желілік баусымын электрлік қоректену желіден ажыратқан кезде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғымен пайдаланып болған соң, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғыны сақтау үшін оның электр желілік баусымын жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі не санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.

## 12. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Құрылғы жиынтығымен бірге -1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
3. Кепілдік талоны
4. Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қорабы).

### 13. ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛҒАН ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.



**Назар аударыңыздар!** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

### 14. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PFD 2605D** - POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын көкөністер мен жемістерді кептіруге арналған тұрмыстық электрлік кептіргіш құрылғы.

Кернеуі: 220-240В.

Жиілігі: ~50-60 Гц.

Қуаттылығы: 350Вт.

Кептірудің температурасы: 40°C градустан бастап 70°C градусқа дейін.

Қорғаныс жіктелімі: II

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын [www.polar.ru](http://www.polar.ru) сайтынан таба аласыз.

### 15. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ақауларға қатысты мәселелер	Ақаулардың пайда болуы мүмкін себебі	Ақауларды жою тәсілдері
Электрлі кептіргіш құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосқан кезде құрылғы іске қосылмайды.	Ашалы розетка ақаулы шығар, тексеріңіз. Электрлі кептіргіш құрылғының электр желілік баусымы зақымдалған немесе бүлінген шығар, тексеріңіз.	Электр ашалы розеткаға басқа құрылғыны жалғастырып, оның кернеуін тексеріңіз. Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды жөндеу шеберханасының маманы ғана жоя алады.

**Назар аударыңыз!** Егер де, туындаған мәселені Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарын қолдана отырып, өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдауға арналған авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталығына Polaris хабарласыңыз.

### 16. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:** 3 жыл.  
**Кепілдік мерзімі:** 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.  
**Құрылғының өнділіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында көрсетілген.**

**Өндіруші:**

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД  
1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг  
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

**Импорттаушы:**

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме

**Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

Қытайда жасалған.

## 17. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Көкөністер мен жемістерді кептіруге арналған электрлік кептіргіш құрылғы

**Үлгісі:** PFD 2605D

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
  - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
  5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.